

Әйтеке би ауданы Әйке ауылдық округі Әйке ауылы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы Әйке ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 14 мамырдағы № 14 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Әйтеке би аудандық Әділет басқармасында 2018 жылдың 17 мамырда № 3-2-156 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы Әйке ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 14 мамырдағы № 6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы Әйке ауылдық округі әкімінің 14.05.2019 № 6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Әйтеке би аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекциясының 2018 жылғы 16 сәуірдегі № 2-7/33 ұсынысының негізінде, Әйке ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Әйтеке би ауданы Әйке ауылдық округінің Әйке ауылы аумағында ірі мүйізді қара малдарының арасына сарып ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Әйке ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Әйке ауылдық округінің әкімі:

Н. Б. Алипбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК